

«Мамай атындағы негізгі орта мектебі» КММ

№ 1 ХАТТАМА

29 08 2017 ж.

Күн тәртібі:

1. ҚК құрамын сайлау. ҚК мүшелерінің міндеттері мен ҚК ережесін таныстыру.
2. Жылдық жоспарды талқылау.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры: Ұзақова Р.О: Жалпы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесі ҚР-ның «Білім туралы» заңының 44-бабының 9 тармағына сәйкес жалпы білім беру мекемесінің өзін-өзі басқару түрі болып табылады. ҚК мүшелері өз қызметінде ҚР-ның Заңнамасын, құқықтық нормалар, ҚК туралы ережесін басшылыққа алады. ҚК мүшелерінің мақсаты – жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде Мамай атындағы негізгі орта мектебінде 2017 жылдың 29 тамыз № 94 бұйрығымен Қамқоршылық кеңес құрамы сайланады.

Қосымша мектеп директоры Ұзақова Р.О. ҚК мүшелерінің негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары туралы қысқаша таныстырып өтті.

2. ҚК төрайымы Бақимбаева Р: 2017-2018 оқу жылына жасалынған ҚК жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жоспар аясында жыл ішінде ҚК мүшелерінің қатысуымен токсан сайын өтетін жоспарлы отырыстар тақырыптары таныстырылды.

Отырыс қаулы етеді:

1. Төмендегі құрамда ҚК құрамы бекітілсін:
 1. Комиссия төрайымы: Бақимбаева Р.Б. - ауылдық медбике.
 2. Хатшы: Медеуова Ж.Т. - ауылдық кітапханашы.
- ҚК мүшелері:
 3. Жанбағысов Қ.Қ. - Архат ауылдық әкімдігі аппаратының бас маманы.
 4. Қасенбаев Д.С. - Архат ауылдық округінің учаскелік полиция қызметкері.
 5. Әлханова Н. - зейнеткер, ата-ана.
 6. Демегенов Қ.Т. - ауылдық медпункт жұмысшысы.
 7. Қожақанова М.С. - жеке кәсіпкер.
 8. Орынбайұлы Ж. - «Жапал» шаруа қожалығының иесі.
 9. Кеңесбаева Ж. - ата-ана.
2. ҚК жұмысы жыл ішінде жүйелі жүргізілсін.

ҚК төрайымы: Бақ Бақимбаева Р.Б.
Хатшы: Медеуова Ж.Т.

«Мамай атындағы негізгі орта мектебі» КММ

№ 2 ХАТТАМА

10.01.2018 ж.

Тұрмысы төмен, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына, жетім балаларға қамқорлық жасауды ұйымдастыру

Күн тәртібі:

1. І отырыс қаулысының орындалу барысы.
2. «Қамқорлық» акциясы барысында іс – шара ұйымдастыру жұмысы.

Тыңдалды:

1. ҚК төрайымы Бақимбаева Р: 2017 жылдың қараша, желтоқсан айларында «Қайырымдылық жүректен» шарасы ұйымдастырылып, атқарылған жұмыстар нәтижесінде демеушілердің қолдауымен 5 балаға қыстық аяқ киіммен көмек көрсетіліп, акт жасалынды.

2. ҚК төрайымы Бақимбаева Р: Жалпы білім беретін мектептерде 2018 жылдың 10 қаңтар-10 ақпан аралығында өтетін дәстүрлі республикалық «Қамқорлық» акциясы барысында жұмыстар жүргізіледі. Осы орайда ҚК мектепте әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға, дарынды оқушыларды қолдау мақсатында көмек беретін демеушілер арқылы қайырымдылық қызметін жүзеге асыруымыз қажет.

ҚК төрайымы кеңес мүшелеріне ауылымыздағы ЖШҚ иелері, жеке кәсіпкерлерді демеушілікке жұмылдыру жұмыстарын ұйымдастыруды жолға қоюды баса айтып өтті.

Отырыс қаулы етеді.

1. 2017 жылғы қараша, желтоқсан айларындағы қайырымдылық бағытындағы жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Демеушілер тарту жұмыстары жандандырылсын.

ҚК төрайымы: Бақ Бақимбаева Р.Б
Хатшы: Медеуова Ж.Т.